



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 08/756
2022 жылғы 25 ақпан

Вестник

Ерлікке – тағзым!

ЕСКЕРТКІШ БЕЛГІ ОРНАТЫЛДЫ

Приозерск қаласында тұратын 1979-1989-жылдардағы Ауған соғысына қатысушы ардагер азаматтар былтыр қала әкіміне хат жазып, қала орталығындағы Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің құрметіне бұрынырақта орнатылған ескерткіш жанынан ауған соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш белгі орнату бойынша өз бұйымтайларын білдірген еді. Кеңестік кезең және қазақ тарихында алатын өзіндік орны бар ауған соғысында қаншама қыршын жастарымыздың қаны төгілгені бәрімізге белгілі. Қазір жастары елу мен алпысты алқымдаған, бүгіндегі қатары

бөлімдерінің командирлері мен жауынгерлері, қаладағы мекеме, кәсіпорындар мен ұйымдар басшылары, жастар өкілдері қатысты.

Сонымен қатар РФ ҚК 10-Сарышаған сынақ алаңының бастығы, половник Казаков Алексей Васильевич, Приозерск гарнизонының бастығы, полковник Есжан



сиреп қалған Ұлы Отан ардагерлерінің ізбасарларының өтінішін ескерусіз қалдырмаған қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Приозерск гарнизонының және РФ ҚК Сарышаған полигоны басшылығымен келісе отырып, бұл мәселенің шешімін тапқан болатын. Өткен сәрсенбі, 23-ақпан күні 1979-1989-жылдардағы Ауған соғысына қатысушы интернационалист-жауынгерлерге арналған естелік ескерткіштің ашылу салтанаты болып өтті. Салтанатты ашылу жынына қала тұрғындары, Қазақстан және Ресей әскери



Қала әкімі С.К.Сатаев құттықтау сөзін: «Атақты жауынгер, қолбасы, Қалық қаһарманы, Кеңес Одағының батыры, қоғам қайраткері Бауыржан Момышұлы атамыздың: «Айбындылық аспаннан түспейді», - дегеніндей, Ауған соғысының ардагерлерін ардақтап, құрметтеу, олардың ерліктерін өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге ету біздің және қоғамның борышы болуы тиіс. Сондықтан қаламыздағы ауған соғысы ардагерлерінің құрметіне ескерткіш белгі орнатуды дұрыс деп таптық», - деп бастап, ардагерлердің қаланың тыныс-тіршілігіне, өркендеп, дамуына, ұрпақ тәрбиесіне қосып жүрген үлестері туралы баяндады. Мұндағы естелік ескерткіштер саны алдағы жылдары арта түсетіндігін, оны РФ ҚК және ҚР ҚК әскери бөлімдері басшылығымен біргелікте жүзеге асыратынын жеткізді.

Оралбекұлы Батырбеков, интернационалист-жауынгерлер атынан Крупский Валерий Викторович және Полат Канатұлы Тұрлыбаевтар құттықтау сөз сөйлеп, ардагерлер өздеріне көрсетіліп жатқан құрметтері үшін қала тұрғындарына, қала әкіміне және әскери бөлімдер басшылығына алғыстарын білдірді. Ауған соғысы кезінде үлкен әскери-жауынгерлік тапсырмаларды орындау барысында аса пайдалы көмек көрсеткен, тиімді көлік саналған «Нысан б» МТ-ЛБ көпмаксатты сауытты тасымалдаушы-тягачтың ескерткіші



сол замандағы ауған соғысын бейнелейтін нағыз белгі еді. Естелік ескерткішті ашуға және алғашқы гүл шоқтарын қою құрметіне ауғандық ардагерлерден В.В.Крупский және П.К.Тұрлыбаев ие болды. Бұдан кейін ҚР ҚК мен РФ ҚК әскерилері және жастар өкілдері тарапынан гүл шоқтары қойылды. Ауған соғысы ардагерлерінің Отан алдындағы өтелген адал борыштары, майдан даласында көрсеткен ерліктері мен жанқиярлық еңбектері әрқашан жас ұрпаққа үлгі-өнеге болып қала бермек!

Ашылу салтанатынан кейін, ескерткіш маңына орнатылған далалық майдан асханасында дайындалған ыстық шай мен сарбаздар ботқасынан жиын қатысушылары мен құрметті қонақтар дәм татысты



және бейресми әңгіме-дүкен құрылды.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
Суреттерде: ашылу салтанатынан көріністер

«ЕРЛІК САБАҒЫ» ЕЛДІККЕ БАСТАЙДЫ

«Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінде Ауған соғысының ардагері Полат Тұрлыбаевтың қатысуымен «Жаралы жылдар жаңғырығы» тақырыбындағы «ерлік сабағы» болып өтті.

Тәрбиелік маңызы бар шараны бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Дәулет Жұмабеков қысқаша сөз сөйлеп ашты. Одан соң батарея командирі аға лейтенант Мейірбек Әсембаев «Ерлердің ерен ерлігі» тақырыбында баяндама жасап, деректі фильм көрсетілді.

«Ерлік сабағының» құрметті қонағы қазақтандық жауынгерлердің соғыстағы ерліктері туралы әңгімелеп, жастарды Отанын сүйуге, өз елінің патриоты болуға шақырды. Сарбаздардың қойған сұрақтарына жауап берді. Ол өз сөзін «Әр соғыстың тарихы бір-біріне ұқсас болғанымен, табиғаты бөлек.

– Ауған соғысы да тарихтың ащы беттері болып қала береді. Сол соғыста

біздің жігіттер әскери міндеттерін адал орындап, соңына дейін нағыз сарбаз атағына лайық бола білді. Олардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды, – деп түйіндеді.



Кездесу соңында подполковник Дәулет Жұмабеков Полат Тұрлыбаевқа ризашылығын білдіріп, алғыс хатпен қоса естелік фотосурет табыс етті.

ДУМАН Құрманғалиев,
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы

«УРОК МУЖЕСТВА» С ВЕТЕРАНОМ-АФГАНЦЕМ

В войсковой части 06708 регионального командования «Астана» прошел «урок мужества» на тему «Жаралы жылдар жаңғырығы», посвященный 33-й годовщине вывода ограниченного контингента советских войск из Афганистана.

Данное мероприятие открыл заместитель командира части по воспитательной и идеологической работе подполковник Даулет Жумабеков. На урок был приглашен воин-интернационалист, ветеран Афганской войны Полат Турлыбаев. Почетный гость рассказал солдатам о своей службе в Афганистане, трудностях и испытаниях, которые ему вместе с боевыми товарищами пришлось преодолеть, об их стойкости и мужестве.

Полат Турлыбаев поделился воспоминаниями о некоторых событиях Афганской

войны и ответил на вопросы присутствующих.

– Эта война оставила глубокие раны и боль в сердцах ее участников. Подвиг наших воинов на афганской земле никогда не забудется, – отметил он в своем выступлении.

В ходе встречи был показан документальный фильм, посвященный Дню вывода советских войск из Афганистана. Мероприятие продолжил командир батареи старший лейтенант Мейірбек Асембаев, который выступил с докладом на тему «Ерлердің ерен ерлігі».

В заключение заместитель командира части по воспитательной и идеологической работе подполковник Даулет Жумабеков выразил признательность ветерану, вручил благодарственное письмо и памятную фотографию.

ДУМАН Құрманғалиев,
Пресс-секретарь приозерского гарнизона

СЫЙҒА – СЫЙ, СЫРАҒА – БАЛ!..

Қазақстанда «Алғыс айту күні» 2016-жылы ресми мереке ретінде күнтізбеге енді. Негізінде мұндай күн басқа мемлекеттерде де бар. Тарихта ең бірінші алғыс айту күні АҚШ және Канада халықтары қараша айының әрбір төртінші бейсенбінде атап өтілген екен. Көз алдыңызға америкалық бақытты отбасылардың дастарқан басына жиналып, дәмді бөліштер мен күрке тауық етін жеп отырған сәті келді ме? Алайда, бұл мереке дастарқанмен ғана шектелмейді. Мерекенің ешбір дінмен байланысы жоқ, адамдар тек қана әрбір күн сайын не үшін рақмет айту керек екендігін ойланады. Атаулы күн алғаш рет 1621-жылы ағылшындық колонистердің бастамасымен тойланған. Қыс мезгілі өте ауыр болып, адамдар аштыққа ұшырағандықтан, губернатор Уильям Брэдфорд қол астындағылардың көңіл-күйін көтеру үшін Алғыс айту күнін белгіледі. Айналадағы басқа да көршілер бұл дәстүрді жылы қабылдап, қаһарлы қысты аман-есен өткерді. Рақмет айту күнінің басты нышандарының бірі – түйе тауық. Себебі, ағылшындық колонистер мерекені алғаш тойлағанда орманда атылған төрт түйе тауықты жеген екен. Кейіннен, яғни, 1789-жылы Джордж Вашингтон Рақмет айту күнін «Ұлттық мереке» деп жариялайды. Сондай-ақ біздің елімізде Қазақстан Халық Ассамблеясының құрылған күні 1-наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялау туралы сол кездегі Президент №173 Жарлыққа қол қойды. Демек бұл күн – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымның белгісі болуы тиіс. Қазақ халқы қиын - қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды. Сол күндерді ұмытпайтын болсақ, бүгінгі күнге шүкіршілігіміз арта бермек. Өз басым 2019-жылы Абай қаласында тұратын ағайындарға қыдырып барғанда, қала іргесінде орналасқан Сталиндік режим кезінде салынған «Долинка» мұражайына бас сұққанымда Қазақстанның көп ұлтты мемлекетке қалай айналғандығын, сол уақытта қаншама өзге ұлттың біздің елімізден пана тапқандығын түсіндім.

Сонымен қай кезден бастап өзге ұлттар алып келіне бастағанына көз жіберіп көрейік. Тарих қойнауында қалған Патша империясы Қазақстанға көпэтносты халықты мұра етті. Олар күштеп қоныстандыру, сталиндік репрессия, тың игеру кезінде қазақ жеріне қоныс тепті. Патшалық кездегі қоныстандыруды есептегенде кешегі Кеңестік дәуірде яғни 1930-60-жылдарда қаншама ұлттық өкілдері түрлі жаламен жер аударылды. Тарихшы - ғалым К. Нүрпейіс қуғын - сүргін тарихын алты кезеңге бөліп көрсеткен. 1-кезең 1917-1920-

болгар мен гректер әкелінді. Депортацияға ілінген месхеттік түріктер Грузияның оңтүстік батыс аудандарынан 1944-жылы қарашада Қазақстанға әкелінді. 1945-жылға қарай Қазақстанға көшірілген шешендер мен ингуштардың жалпы саны 406, 3 мың болса, 9 мың неміс отбасы болды. 1954-60-жылдар аралығында тың игеру желеуімен КСРО-ның суропалық бөлігінен 2 млн адам Қазақстанға келді. Депортацияның қайғылы қасіреті балқарларға да келіп жетті. Бүкіл техника, НКВД құрамалары мен армия бөлімдерінен 19 мыңдай офицер мен

біздің қазақ халқының мейірімі, жанашырлығы, өзін ғана ойламай, өзгені де жарылқаған халықтығының арқасында болғандығын кез-келген ұлттың аузынан естиміз. Халқымызда «Көп дұғасы – көл» деген мақал бар. Аллаға шүкір осыншама ұлттардың қазаққа берген дұғасы мен тілегі қабыл болғаны шығар, бүгін елімізде тыныштық, әлем таныған елдердің біріне айналдық. Өрине елдегі ұлттардың ынтымағын, бірлігін сақтап отырған қазақ ұлтына қалай алғыс айтпасқа болады?.. Тәуелсіздік алғаннан кейін қаншама өзге ұлттар өз еліне қайтты, қайтпағандары Қазақстанды өзінің Отаны санап, адал еңбек етіп келеді. Неміс ұлтының өкілі Герольд Белгер (қазақ әріптестері біздің Герекең атап кеткен), азарбайжан қызы, Алматыдағы «АЗИЯ» халықаралық газетінде 1992-93-жылдары менімен қызметтес болған Асылы Осман және Қазақстан екінші Отаным болды деп өз еліне барып қайта келген, жапон азаматы Тесуро Ахиконың қазақ халқына деген ризашылығын айтып жеткізу қиын.

Қаламыздағы орыс, украин, азербайжан, кәріс, қарақалпақ, өзбек, татар т.б. ұлттар өкілдері бізбен тең дәрежеде, тату-тәтті, ауызбіршілікпен тіршілік етуде. Тіпті олармен қыз алысып, қыз беріскен құдаларға айналдық. Қаладағы кез-келген мерекелік шаралар сол ұлыстар өкілдерімен бірге алынып отырады. Қуанышымыз бен қайғымыз ортақ. Қазақша балабақшалар мен мектептерге өз балаларын беріп, қазақ тілі мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын құрметтеген, сыйлаған, өнері мен мәдениетін бағалаған жандарға біз де өз тарапымыздан ризашылығымызды білдіреміз. Сонау алмағайып кездерде қазақ жеріне ата-бабалары жер аударылып, қазақ отбасыларының мейірбандығы мен қамқорлығын көрген бейбақтардың ұрпақтары қазақ ұлтының жақсылығын ешқашан ұмытпақ емес. Сондықтан бүгінгі ұрпақ қазақтарға «Алғыс айту күнін» күтпей-ақ, «Сыйға сый, сыраға – бал!», демекші, алғыс-рақыметін үнемі білдіріп отырады. Көктемнің алғашқы күнімен тұстас келген мереке құтты, татулығымыз бен ауызбіршілігіміз әрдайым мықты болсын, жер-лестер!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы
тілшісі



жылдар аралығы. 2-кезең 1920-жылдардың екінші кезеңінің жартысы. 3-кезең 1930-жылдардың басы. 4-кезең 1937-1945-жылдар аралығы. 5-кезең 1940-жылдардың екінші жартысы болса, 6-кезең 1986-жылдар. Ең бірінші депортацияға ұшыраған кәріс ұлты 1937-жылы қыркүйек, желтоқсан айларында 20789 отбасы көшіріліп келді. 1940-1941-жылдары 200 мыңдай поляк Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Талдықорған, Жамбыл, Алматы облыстарына орналастырылды. 1944-жылы наурыз айында 650 мыңдай шешен, ингуш, қалмақ, қарашайлар көшірілді. 1944-жылы мамырда 50 эшелонға тиелген татар ұлты өкілдері түгелдей Қырым АКСР-інен қуылды. Депортация барысында Қазақстанға 4501 татар, 7 мың

әскерлер қатыстырылған бұл операцияны Ішкі істер халық комиссары Берияның өзі басқарды. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.

Қазір елімізде 140-қа жуық ұлыс өкілдері тұрады. Олардың Қазақстанға қандай себеппен қоныс аударғандарын терең зерттеп жүрген ғалым Құндызай Ерімбетова үш ғасыр бойы демек, 1690-1990 жылдар аралығында қазақ жеріне 7 миллион 600 адам көшірілгенін айтады. Оның 1 миллион 203 мыңы 1917-жылдан бері қоныс аударылғандар екен. Міне, мыңмыңдаған ұлттардың сақталып қалуларына

Ойталқы

Өткен аптада, яғни 17-ақпанда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Qazaqstan» ұлттық арнасына сұхбат берді. Сұхбатты көргеннен кейін әркім өз тарапынан таразылап, сараптап, саралайтыны анық. Президентке журналист Жайна Сламбектің алғашқы сұрағы Президенттің Мемлекет басшысының неге алдымен мемлекеттік тілде сұхбат бермегенін басталғаны өте дұрыс болды деп ойлаймын. Бұл қоғамның үнін білдіру еді, сондықтан, сұхбатқа шынайылық сипат берді. Президент те ашық жауап қатты.

–Себебі ел ішінде көптеген жалған ақпарат тарап жатты, соларға тоқтау салу керек болды. Сол сұхбат орыс тілінде жасалды. Өйткені, Қазақстандағы ахуал жөнінде шынайы ақпаратты, ең алдымен, әлем жұртшылығына беру керек еді. Содан кейін шетелдік ақпарат құралдары сұхбатты кеңінен таратып, барынша пайдаланды. Оны өзіңіз білесіз. Ал, қазақ тіліндегі сұхбаттың өз аудиториясы бар. Жалпы, мемлекеттің мәселесін мемлекеттік тілде айтуымыз керек. Тіліміз бізден басқа ешкімге керегі жоқ. Сондықтан, ең алдымен, өзіміз ана тілімізге құрмет көрсетуіміз керек деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің мемлекеттік тіл туралы тура айтылған, ойып тұрып ондыққа тиген осы ойлы сөзін барлық мемлекеттік қызметкерлер тікелей тапсырма ретінде қабылдауы тиіс. Сондықтан Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау еліміздегі ең басты мәселе ретінде кезек күттірмеуі керек. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қазақ тілі туралы айқын да айшықты сөздерін бұрыннан айтып келеді. Президент бола бұрыннан «Ең бастысы – Қазақ тілі»,–деді. Халыққа жасаған ең алғашқы Жолдауында «Қазақ тілі ұлттаралық қатынас тіліне айналуы тиіс», деді.

ПРЕЗИДЕНТ СҰҚБАТЫН САРАЛАСАҚ

«Қазақстан азаматтары мемлекеттік тілді білуі міндетті»,–деді.

Енді елдің тілейтіні «Жаңа Қазақстан» басшысының афоризмге айналған айшықты сөздері тезірек іске асуы. Әйтпесе, елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлеуі керек» деген сөзі отыз жыл бойы орындалмай, арман күйі кеткені белгілі. Ал Тәуелсіздіктің отыз жылында Қазақ пен қазақ қана

туралы емес», – деді Президент. Иә, Президенттің бұл сөзі Алаш көсемі, Ұлт ұстазы, 150 жылдығын биыл ЮНЕСКО атап өтетін Ахмет Байтұрсынұлының: «Тілі жоғалған елдің өзі де жоғалады» деген қанатты сөзімен сабақтасып тұр. Расында да, «мемлекеттік тіл» деген атауы ғана болмаса, қазақ тілінің көсегесі көгеріп, жұрттың бәрі қазақ тілінде сөйлеп кеткенін көргеніміз де, естігеніміз де



емес, бүкіл Қазақстандықтар қазақша сөйлеуі тиіс болатын. «Тілімізге келетін болсақ, біз оны сақтаймыз. Басқаша болуы мүмкін емес, өйткені тарихтың ең қиын кезеңдерінде тіл дана бабаларымыздың арқасында, халқымыздың арқасында сақталды. Бұл ретте тіл реформасын жүргізуіміз керек. Ал бұл жерде әңгіме латын графикасына жылдам көшу

жоқ. Бұл туралы тіл жанашырлары, қоғам қайраткерлері мен жекелеген депутаттар үнемі айтып келеді. Марқұам Шерхан Мұртаза, ақын Мұқтар Шаханов Парламент мүжәлісінің депутаты болып тұрған кездерінде тілдің мүшкіл халын қанша айтқанымен, жүзеге аспады. Бүгінгі таңда Мәжіліс депутаты жиі көтеріп жүрген мәселе – осы

қазақ тілінің тағдыры. Мемлекет басшысының осы сұхбатынан кейін тілдің жағдай оң шешімін тауып, өз тұғырына қонады деп үміттенеміз!

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл сұхбатында көптеген өзекті сұрақтарға жауап берді. Бұл дер кезінде берілген байыпты жауаптар ел мен қоғамның даму көкжиегін кеңейтеді. Мемлекетіміз қуатты, дамыған елге айналуы керек. Ал мемлекетімізді, ұлтымызды сақтап қалу ғана емес, жаңа заман талабына сай дамыту бәріміз үшін басты мақсат болуы тиіс. Иә, еліміз кімнің кім екенін көрсеткен үлкен сынақтан өтті. Жаңа жылдың алғашқы аптасы – Тәуелсіз мемлекетімізге қатер төнген, төңкеріс жасауға ұмтылған аса ауыр күндер, «Қаңтардың қанды аптасы» болды! Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев Ел басына күн туғанда – Ер басына күн туған барлық ауыр сынақты Мемлекет басшысы ретінде көтере біліп, елін аман сақтап қалды! Президент құқық қорғау орындарының «шаш ал десе, бас алатын» әрекеттерін қатаң сынады. «Кейбір азаматтарымыз менің атыма бейне үндеу жазып, әлеуметтік желілерде таратып жатыр. Мұны да біліп отырмын. Осыған байланысты мен Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратураға арнайы тапсырма бердім. «Шаш ал десе, бас алатын» әрекеттерге жол беруге болмайды. Әрбір құқық бұзушылық дерегі бойынша шаралар қабылданады.

«Қаңтар оқиғасы елімізге де, менің өзіме де үлкен сабақ болғаны сөзсіз. Тиісті қорытынды жасалды. Қазір елімізде болып жатқан саяси шешімдер – соның нәтижесі. Алдымызда өте көп жұмыс бар. Мұны барлығы көріп, біліп отыр деп ойлаймын», – деді Қ. Тоқаев.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
журналист, ақын.

Еститін мемлекет...

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – қоғам мен биліктің толыққанды диалогы туралы Ел Президентінің жолдауы біздің мемлекет дамуымыздың басты бағыттарын анықтайды. Ал, Қасым – Жомарт Тоқаев ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен

ішкі аудиториялар тарапынан жоғары қызығушылықтың түсінікті әрі тиянақты болғанын ескерсек, Жолдаудың атауына сүйене отырып, онда көрсетілген мақсаттар ұзақ мерзімді екені түсінікті. Осы бағытта Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев қаладағы мемлекеттік меке-

ашық диалог орнату шарасын бастады.

23-ақпан, сәрсенбі күні қала әкімі бастаған топ қала сыртында орналасқан «Ер-Тай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмысшы-қызметкерлерімен кездесу өткізді. ЖШС басшысы, қалалық мәслихаттың депутаты Талғат Әлімжанұлы Қарабалаев кездесуді ашып, басқосудың негізгі мақсатын түсіндіргеннен кейін қала әкімі сөз алып, жиналғандармен ашық әңгімеге-диалогқа көшті. Қала бойынша былтырдан бергі кезеңдегі атқарылып жатқан жұмыстар, қысқы науқанның барысы, алда тұрған міндеттер төңірегінде, биылғы жылға жоспарланған жұмыстар жайында қысқаша айтқаннан соң жұмысшылар мен қызметкерлерге сөз кезегін ұсынды.

Қала тұрғындары тарапынан қойылған сұрақтар негізінен тұрғын үй, пәтер, оларды жекешелендіру, кеңейту туралы болып, оған «Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Темірхан Айдарханов нақты әрі түсінікті жауап берді. Сондай-ақ, қала әкімі жастар мәселесі,



азық-түліктің қымбаттауы, жұмыспен қамту, мәдениет пен спорт және т.б. көкейкесті мәселелер жайлы тиісті мекемелер басшылары – Ахан Жармаханұлы Жүсіпов, Сағынбек Жаңбырбайұлы Бейсекеев пен Ұлан Алмасұлы Алмасқа сөз беріп, олар алдағы атқарылатын жұмыстар жөнінде қала тұрғындарына түсінікті тілде жеткізді.

Кездесу жиынына Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков. Қала әкімінің орынбасары Дастан Шұғайұлы Сәденов және қалалық мәслихат депутаттары қатысты.

Осындай кездесулер алдағы уақытта да барлық сала қызметкерлерінің және қала тұрғындарының қатысуымен өткізілетін болады.

Н. ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ,
Суреттерде: кездесуден көріністер



өркендеуінің негізі» деп аталатын құжаттың дебютті болғанын, оған сыртқы және

мелер, кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларымен біргелікте халықпен кездесу және

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ САЯСАТЫ – ЕЛДІГІМІЗ БЕН БІРЛІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ

Туған елім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы,
Өссе тілім, менде бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін! –

деп, ақын Әбділдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай тіл қай елде болса да қастерлі, күдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз.

Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмақшы емес, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Тіл – қоғамның жемісі.

Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.

Біздің барша ұлттық келбетіміз бен

болмысымызды, салт - санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор.

Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді», - деген сөзі сөйіліп жібергені әлі есімізде. «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз.

«Үш тұғырлы тіл» саясаты, шын мәнінде, елдің ертеңі үшін керек нәрсе.

Мәселен, Қазақстанда заң мамандары, экономика мамандары өте көп және жұмыссыз. Бірақ, «Үш тұғырлы тілдің», шын мәнінде, мемлекеттік тілге мүлде

зияны жоқ. Бұл жерде мәселе сол стратегияны, сол саясатты дұрыс жүргізуде, жарқын болашақта нәтижесінің оң болуын қамтамасыз етуде болып отыр.

«Үш тұғырлы тілді» тек мәдениет аралық қатынас негізінде қарап, ақпарат алмасу, білім үйрену, тәжірибе жинау үшін үйретіледі. «Үш тұғырлы тіл» саясатын дамыту үшін қазақ тілін, яғни мемлекеттік тілді мемлекет тарапынан ең бірінші орынға қойылып жатқаны да көзі ашық адамдарға шындық.

«Тілі бірдің-тілегі бір», «Тіл тағдыры-ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі- тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу -

...Өз тіліңді құрметте!



басты міндетіміз.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек.

Үш тілді меңгеру – жарқын болашақтың кепілі. Тіл – халықтың ең негізгі байлығы. Қазір заман талабына сай үш тұғырлы тіл саясатын бәріміз де қолдаймыз.

К.Т. Омарова
«Еркетай» шағын орталығының тәрбиешісі

Қысқы спорт

Қыс айының қызығы өз алдына бір төбе кезең ғой. Әсіресе, «Қансонарда бүркітші шығады аңға», - деп Абай ақын жырлағандай, аңшылық пен саятшылықтың орыны



қазақ үшін өз алдына. Ал, біздің Приозерск қаласының тұрғындарының керемет ермегі,

БАЛЫҚШЫЛАР БАҚ СЫНАСТЫ

ол – аңшылықпен қоса балықшылықты да қалыс қалдырмайды. Балық аулауды арнайы кәсіп етпегенімен, оның қызықшылығын құмар ететін жерлестеріміз қалада жетіп-артылады. Сондықтан олардың арасында маусымна қарай өзара жарыс өткізіп тұру соңғы жылдары белең ала бастағаны көңіл қуантады.

Биылғы жылдың 19-ақпаны күні «Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Приозерск қаласының балық аулау федерациясы» біргелікте қала тұрғындарының, ұйымдар және кәсіпорындар арасында «Қысқы балық аулау 2022» жарысын ұйымдастырды. Жарысқа 30 дан астам балықшы спортшылар жиналған осынау спорт жарысына баланған бәсекеге арнайы Теміртау қаласынан келген қонақтарымыз қатысты. Қалың мұзбен көмкерілген және қар



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА ҚЫСҚЫ БАЛЫҚ АУЛАУ ЖАРЫСЫ ӨТТІ

құрсанған көл бетінің бет қарыған аязды суығы балық аулау қызығына берілген балықшыларға кедергі бола алмады. Ойыққа салған қармақтары молырақ балық қапқан балықшылар жүлделі орыннан дәмелі болып, жарыс тартысты өтті. Арнайы

бекітілген қазылар алқасы жүлдегерлерді анықтап, олар «Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Приозерск қаласының балық аулау федерациясы» тағайындаған жүлделермен жеңімпаздарды марапаттады.

Сонымен қатар ең үздік балықшы номинациясына арнайы Алло Тахи жеке кәсіпкерліктің дайындаған сыйлығына болды. Жалпы жарыс қортындысы бойынша жүлделі орынға ие болған балықшы спортшылар: бірінші орынды Майоров Олег жеңіп алды. Екінші орынды Руслан Табылдыев еншілесе, жүлделі үшінші орын Ерашев Иванға бұйырды.

Барлық балықшы спортшыларымызды шын жүректен құттықтаймыз және алдағы өтетін балықшылар жарысында жеңісті болуларын тілейміз!

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ – «ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТТІҢ» ТІРЕГІ

Қазақстанда бұған дейін қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша сот ісін жүргізудің үш түрі болған, енді төртінші түрі – билік органымен дауда ең әлсіз тарапты қорғауға бағытталған әкімшілік әділет іске қосылды.

Маңызды жаңашылдық:

1.Талап арыз берілген сәттен бастап іс сотта қозғалған болып есептеледі.

2.Адам өз талабының дұрыстығын дәлелдеп жатпайды. Дәлелдеу ауыртпалығы мемлекеттік органға жүктеледі. Егер меморган өз шешімінің заңды және негізді екенін дәлелдей алмаса, ол іс бойынша жеңіледі.

3.Сот мәлімделген талаптармен шектелмейді. Азамат әу бастан әлсіз тарап болып саналады. Енді сот оған арыздағы талаптарын дұрыс көрсетуге, тіпті оның түрін

өзгертуге дейін көмектесе алады. Ал Кодекс бойынша арыздың 4 түрі бар: даулау; мәжбүрлеу; іс-әрекетті жасау және тану туралы.

4.Енді судьялар тараптарға көмек ретінде жекелеген құқықтық мәселелер бойынша алдын ала өз пікірін айтуға құқылы.

5.Кодекс меморгандарды тәртіпке

Сот жүйесіндегі жаңашылдық

келтіреді. Процестік мәжбүрлеу шарасының бірі ретінде ақшалай өндіріп алу енгізіледі.

6.Меморгандармен дау кезінде тараптардың татуласу мүмкіндігі бар.

7.Сот өз шешімінің орындалуын бақылайды және қамтамасыз етеді.

Әкімшілік әділет жүйесін енгізу маңызды реформа. Бұл халық үніне құлақ асатын мемлекет құрудың тиімді құралы.

Б.А. Даупбаев,
Приозерск қалалық сотының төрағасы

ҚҰРТ АУРУЫН ҚҰРЫҚТАУ - ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Тұрғындардың назарына

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша әлемде әр күн сайын туберкулез дертінен 5000-нан 8000 адамға дейін ажал құшады екен. Яғни, әр сағат сайын 300-ден аса адам өледі деген сөз, туберкулездің адам өміріне төндірген қаупін медицина саласының мамандары әр сағат сайын апатқа ұшыраған «Боинг-747» ұшағының зардаптарымен бірдей деп бағалауда.

Соңғы кезде елімізде аталған індеттің алдын алуға бағытталған іс-шаралар ауқымды түрде атқарылып жатыр. Жер-жерлерде денсаулық сақтау мекемелері тұрғызылып, медициналық қызмет сапасына мән беріле бастады.

Қазіргі кезде елімізде және Приозерск қаласы көлемінде туберкулезге қарсы күрес айлығы жүріп жатыр. Құрт ауруы - жұқпалы

ауру. Егер, дұрыс емделмесе, ол науқас адамды ұзақ уақыт еңбекке жарамсыз етіп мүгедек қылады және өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін. Өкпе туберкулезімен ауыратын, әрі емделмей жүрген адам жөтелгенде, түшкіргенде микробтар тарата отырып жылына 10-25 сау адамға жұқтыруы ғажап емес.

Туберкулез - қауіпті ауру. Дұрыс емделмесе, ауырған адамдардың жартысынан көбі бір жыл ішінде осы жұқпадан өледі. Құрт ауруының қандай белгілерін білу қажет?

Туберкулез көбінесе өкпені зақымдайды. Оның белгілері:

- өдеттегі дәрілермен емдегенде жазылмайтын 3 аптадан артық уақытқа созылған жөтел;
- жалықты немесе іріңді, кейде қан

аралас қақырықтың түсуі;

- кеуденің ауруы;
- Косымша белгілері:
- жалпы әлсіздік;
- тәбеттің нашарлауы;
- жүдеу;
- дене қызуының үздік-үздік көтерілуі, қалтырау;
- әсіресе түнде қатты терлеу.

Құрт ауруы анықталған науқас адам міндетті түрде ауруханаға жатып емделуі керек.

Туберкулез, яғни, құрт ауруының алдын алу үшін:

- бала туғанда міндетті түрде БЦЖ вакцинасын жасату және 6-7 жасында, яғни, 1-ші сыныпқа барғанда қайта ревакцинация жүргізу;
- туберкулезбен ауыратын науқастың

жанұясындағы қарым-қатынаста болған мүшелерін тегіс профилактикалық тексерістен өткізу;

- дұрыс, нәрлі тамақтану;
- организмді шынықтыру, спортпен айналысу, салауатты өмір салтын ұстану;
- шылым шегіп, арақ ішпеу, нашакорлыққа салынбау;
- өкпе туберкулезінің жасырын өтіп жатқан формасын кәдімгі флюорографтың көмегімен тексеру арқылы табуға болады.

Жыл сайын өтетін профилактикалық флюороотексерістен қалмаңыз.

Сіздің денсаулығыңыз - өз қолыңызда.

Приозерск қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Анонс

ПРОЕКТ ПО ПОДДЕРЖКЕ В ТРУДОЙСТРОЙСТВЕ РАБОТНИКОВ ПРЕДПЕНСИОННОГО ВОЗРАСТА

Министерство труда и социальной защиты населения РК (далее – МТСЗН) в целях обеспечения занятости безработных лиц предпенсионного возраста планирует запустить специальный проект «Серебряный возраст». Реализация инициативы будет проводиться в рамках Национального проекта по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы.

Рабочие места по проекту «Серебряный возраст» должны будут создаваться вне

постоянных рабочих мест и вакансий на постоянные рабочие места. Такие рабочие места не могут создаваться на тяжелых работах, работах с вредными и (или) опасными условиями труда и по отношению к 9-ой группе низкоквалифицированных работников согласно Национальному классификатору занятий.

Ежемесячный размер субсидий на заработную плату составляет 50% от размера зарплаты, но не более 30 МРП, с учетом

налогов, обязательных социальных отчислений, компенсаций за неиспользованный трудовой отпуск и банковских услуг, без учета выплат по экологическим надбавкам.

После завершения срока участия работодатель трудоустроивает лицо предпенсионного возраста на постоянное рабочее место до выхода на пенсию.

Пресс-служба МТСЗН РК

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Ибадулла Нұрсұлтан Асылбекұлы, умершего 25 октября 2021 года.

Имеющимся наследникам обращаться

к нотариусу Ахметову Р.Б.

по адресу: г. Приозерск,

ул. Кисунько, д. 1Б,

тел. 8-775-1627005



СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ



ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ



«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных ***

«Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-97

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап, Аппарат басшысы, Әдеп жөніндегі уәкіл-апта сайын бейсенбі күндері сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ «Аппарат Акіма города Приозерск» 5-41-97

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов

Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.

Руководитель аппарата, уполномоченный по этике - еженедельно по четвергам с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту

бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі күні сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-38-76

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-38-76

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48

График приема граждан руководителем отдела ежедневно, с 16.00 часов.

*** «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-38-70.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»: 5-38-70.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

*** «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов

*** «Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99, 5-33-81

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99, 5-33-81

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов

*** «Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – Пятница с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нін сенім телефоны 5-40-95.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-40-95.

Личный прием граждан руководителем еженедельно по понедельникам с 17.00 часов ***

«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны: 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

*** «Приозерск қаласының санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны тел: 5-27-27, факс: (871039) 5-41-13

Телефон доверия республиканского государственного учреждения «Приозерское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля» тел: 5-27-27, факс: (871039) 5-41-13

Меншік иесі: "ЖК А.В. Струментов".

"Приозерский вестник" газеті Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 15.03.2004 ж. №4843-г тіркелген, 24.12.2018 ж. № 17414-Г МББ қайта тіркеу туралы куәлігі. Редакцияның мекен-жайы: 101100 Приозерск қаласы, Космонавттар көшесі, 5 үй, 106-107 оф.

Анықтама телефондары: +7-705-981-86-79 (бас редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор). E-mail: prz_westnik@mail.ru; Instagram: https://shortlinks.plus/zmsid, fb:https://shortlinks.plus/qfbKi Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды. Тапсырыс № 08/756. Таралымы: 500 дана, көлемі-1 б.т., пішімі - А2, 4 бет.

Бас редактор: Б.А.Кенжебеков. Техникалық редактор: А.В.Струментов. Жеке хабарландырулар мен жарнама беру үшін мына телефонға хабарласыңыз: +7-705-466-60-63 Хат-хабар мына электрондық мекенжайға қабылданады: prz_westnik@mail.ru

Хаттар, қолжазбалар, фотосуреттер мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Келтірілген фактілердің, статистикалық деректердің, тиісті атаулардың, географиялық атаулардың және басқа да деректердің дәлдігі үшін жарияланым авторлары жауапты болады. Редакция жарнаманың мазмұны үшін жауап бермейді. Авторлардың пікірі редакцияның пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакцияның келісімінсіз материалдарды қайта басуға тыйым салынады.

Газет газет-журналдарды сататын орындарда (баспа киоскілері, дүкендер, базарлар), редакцияларда және Приозерск қаласындағы жеке таратушыларда таратылады. Сондай-ақ облыстың барлық қалалары мен аудандарында жазылу бойынша.

Жазылу индексі - 65014